

*Мукатаева З.К.*¹, Берікболова А.Ж.², Шуланбекова Г.К.³*

¹тарих ғылымдарының кандидаты,

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Семей, Қазақстан
E-mail: zauretikataeva4@gmail.com. ORCID ID: 0009-0008-9604-8477*

*²Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистрі, оқытушы, Алматы, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0001-7322-4038>, E-mail: berikbolova1995@mail.ru*

*³тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Ресей медициналық университеті,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік - гуманитарлық пәндер кафедрa менгерушісі Алматы,
Қазақстан,
E-mail: gul.aidana@mail.ru*

ҰЛЫБРИТАНИЯ - КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (АНТИФАШИСТІК КОАЛИЦИЯ)

Аңдатпа

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихы осы күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпаған мәселелердің бірі. Әсіресе фашистік Германия Кеңес Одағына соғыс ашқаннан кейін басқа мемлекеттер, соның ішінде Ұлыбритания мен Құрама Штаттар антифашистік коалиция құруда басшылықты өз қолдарына алды.

Германияға қарсы соғыста біріккен әскери қимылдар жасау туралы 1941 жылы 12-ші шілдеде қол қойылған КСРО мен Ұлыбритания өкіметтерінің арасындағы келісім антигитлерлік коалицияны құруда ең алғашқы қадам болды. Антигитлерлік коалицияның құрылуына, байланыстардың және ынтымақтас-тықтың орнауына 1941 жылы күзде өткен үш держава – КСРО, Ұлыбритания мен АҚШ-тың Мәскеу конференциясы маңызды рөл атқарды. Бұндай келісімдерге қол жеткізуге ағылшын елінің дипломатия-лық өнері үлкен әсерін тигізгені сөзсіз.

Дегенмен, мәскеулік келіссөз барысында бірқатар мәселелер бойынша КСРО мен Англия арасын-дағы қайшылықтар жойылған жоқ болатын, сонымен қоса өзара көмек көрсету туралы бағдарлама жобасы да шығарылмаған еді. Алайда келісім КСРО мен Англия арасындағы достық, одақтық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік болды. Ол фашизмге қарсы күресіп жатқан мемлекеттердің одағын құруда маңызды рөл атқарды.

Германияға қарсы біріккен қимыл-әрекеттер туралы ағылшын-кеңес келісіміне қол қою, сонымен бірге, экономикалық мәселелер бойынша ағылшын-кеңес келісімінің сәтті аяқталуын да алдын ала анық-тады. Ағылшын-кеңес келісімінің бекітілуі Кеңес Одағында да, Англияда да үлкен құрметке ие болды.

Кілт сөздер: Германия, КСРО, Ұлыбритания, антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихы, келісім.

*Мукатаева З.К.*¹, Берікболова А.Ж.², Шуланбекова Г.К.³*

*¹кандидат исторических наук университета Шакарим. Семей, Қазақстан
E-mail: zauretikataeva4@gmail.com. ORCID ID: 0009-0008-9604-8477*

²магистр, преподаватель КазНПУ им. Абая, Алматы, Қазақстан

*³кандидат исторических наук, заведующий кафедрой истории Казахстана и социально - гуманитарных дисциплин Казахстанско-Российского медицинского университета, Алматы, Қазақстан,
E-mail: gul.aidana@mail.ru*

ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ВЕЛИКОБРИТАНИИ И СОВЕТСКОГО СОЮЗА (АНТИФАШИСТСКАЯ КОАЛИЦИЯ)

Аннотация

Дипломатическая история антифашистской коалиции в годы Второй мировой войны – одна из проблем, не потерявшая своей актуальности и по сей день. Особенно после того, как нацистская Германия развязала войну Советскому Союзу, другие государства, включая Великобританию и Соединенные Штаты, взяли на себя руководство созданием антифашистской коалиции. Соглашение между СССР и британскими властями, подписанное 12 июля 1941 года о совместных военных действиях в войне против Германии, стало первым шагом в формировании антигитлеровской коалиции. Важную роль в формировании антигитлеровской коалиции, установлении связей и сотрудничества сыграла Московская конференция трех держав – СССР, Великобритании и США, прошедшая осенью 1941 года. Несомненно, большое влияние на достижение таких договоренностей оказало дипломатическое искусство английской страны. Однако в ходе московских переговоров противоречия между СССР и Англией по ряду вопросов не были устранены, как и проект программы о взаимопомощи. Однако договор открыл широкие двери для установления дружеских, союзных отношений между СССР и Англией. Он сыграл важную роль в создании союза государств, борющихся против фашизма. Подписание англо-советского соглашения об объединенных действиях против Германии также предопределило успешное завершение англо-советского соглашения по экономическим вопросам. Утверждение англо-советского договора получило большое признание как в Советском Союзе, так и в Англии.

Ключевые слова: Германия, СССР, Великобритания, дипломатическая история антифашистской коалиции, договор.

*Mukataeva Z.K.*¹, Berikbolova A.Zh.², Shulanbekova G.K.³*

¹*candidate of Historical Science of Shakarim University Semey, Kazakhstan
E-mail: zauremukataeva4@gmail.com. ORCID ID: 0009-0008-9604-8477*

²*master, teacher of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-7322-4038>,
E-mail: berikbolova1995@mail.ru*

³*Kazakh-Russian medical university, Head of the Department of History of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Almaty, Kazakhstan, E-mail: gul.aidana@mail.ru*

DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN GREAT BRITAIN AND THE SOVIET UNION (ANTI-FASCIST COALITION)

Abstract

The diplomatic history of the anti-fascist coalition during the Second World War is one of the problems that has not lost its relevance to this day. Especially after Nazi Germany unleashed war on the Soviet Union, other states, including Britain and the United States, took the lead in creating an anti-fascist coalition. The agreement between the USSR and the British authorities, signed on July 12, 1941, on joint military actions in the war against Germany, was the first step in the formation of the anti-Hitler coalition. An important role in the formation of the anti-Hitler coalition, the establishment of ties and cooperation was played by the Moscow Conference of the three powers - the USSR, Great Britain and the United States, held in the autumn of 1941. Undoubtedly, the diplomatic art of the British country had a great influence on the achievement of such agreements. However, during the Moscow negotiations, the contradictions between the USSR and Britain on a number of issues were not eliminated, as was the draft program on mutual assistance. However, the treaty opened wide doors for the establishment of friendly, allied relations between the USSR and Britain. He played an important role in the creation of the union of states fighting against fascism. The signing of the Anglo-Soviet agreement on joint action against Germany also predetermined the successful conclusion of the Anglo-Soviet agreement on economic issues. The approval of the Anglo-Soviet treaty received great recognition both in the Soviet Union and in England.

Keywords: Germany, USSR, Great Britain, diplomatic history of the anti-fascist coalition, treaty.

Кіріспе.

Өзектілігі. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихы осы күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпаған мәселелердің бірі. Әсіресе фашистік Германия

Кеңес Одағына соғыс ашқаннан кейін, басқа мемлекеттер, соның ішінде Ұлыбритания мен Құрама Штаттар антифашистік коалиция құру басшылығын өз қолдарына алды. Осы маңызды істің барысында 1941 жылы тамызда өткен Мәскеу конференциясының рөлі жоғары болды. Осы конференцияда үш ұлы державаның саяси көшбасшылары А.Гарриман (Америка Құрама Штаттары), лорд Бивербурк (Ұлыбритания), А.А. Громыко (Кеңес Одағы) бірінші рет кездесіп, антифашистік коалиция құру мәселесін талқылай келе, сонымен бірге соғыстан кейін әлемді бейбіт жолмен реттеу мәселелерін де қарастырды.

Шындығында мұның барлығы өте ауқымды мәселе еді: соғыс барысында дипломатиялық қызмет белсенді жұмыс істеумен болды. Дегенмен кейбір сала бойынша дипломатиялық келіссөздер соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақта болды. Сонымен Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Мәскеу, Тегеран, Қырым (Ялта) және Потсдам конференциялары антифашистік коалицияның дамуы мен күшеюінде маңызды рөлге ие болды. КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның басшылары осы мақсатпен ең маңызды екіжақты келіссөздер жүргізіп отырды. Мемлекеттердің сыртқы саяси қызметі фашистік блокада қарсы күрес жүргізуге бірігіп, әлемдік дипломатияның тарихында жарқын іс қалдырды.

Соның ішінде 1939-1942 жылдар аралығында ағылшын елінің фашистік блокада қарсы КСРО елімен бірге әрекет жасау үшін, біраз күш-жігерін салды. Әрине, бұған бірден сену қиын, дегенмен КСРО-ның соғысқа белсене кіріскен уақытынан бастап, ағылшын елінің дипломатиялық өнерін байқауға болады.

Материалдар мен әдістемелер. Бұл мақаланы жазуда антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихына, соның ішінде ағылшын елінің дипломатиялық өнері туралы көптеген кеңестік, ресейлік және шетелдік тарихшылар мен саясаткерлердің зерттеулері пайдаланылды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихына қатысты В.Л. Израэляанның «Дипломатия в годы войны (1941-1945)» [1], Г.Н. Севостьяновтың «Политика великих держав накануне Второй мировой войны» [2], М.И. Семирягвтың «Антифашистское народное восстание» [3] ғылыми зерттеулерін ерекше атауға болады. Бұл зерттеулерде авторлар екінші дүниежүзілік соғыстың басталуынан антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихын жан-жақты қарастырған.

Ал Черчилль У. «Вторая мировая война» [4] еңбегінде екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы антифашистік коалицияның дипломатиялық тарихын жаза отырып, соғыстың алғашқы жылдары Ұлыбритания антифашистік коалицияны құру жолында КСРО-мен жақсы байланыс орната алуы мен соғысушы елдердің ішкі және сыртқы саясаты туралы баяндайды.

Негізгі бөлім. Германияның Францияны талқандауы бүкіл халықаралық жағдайды күрт өзгертті. КСРО «үшінші рейхтің» одан арғы күшеюін қаламады, бірақ сонымен бірге нацистік серігінің ашуын келтіруге қауіптенді. Бұл жағдайларда Кеңес Одағы өзінің жеке әскери-саяси акцияларын, сонымен бірге Балтық елдеріне қатысты акциялар қабылдады. Мәскеуден келген хабарлама, Ұлыбританияның сыртқы істер министрі Галифакастың Балтық жағалауы елдеріндегі кеңес әскерлерінің қатысуы, қорғаныс сипатын алды деген сенімін күшейте түсті. Ол 1940 жылы 17 маусымдағы кабинет отырысында былай деп сөз сөйледі: «Ресейдің әрекет-қимылдарында, өзіне кейінгі кездегі әскери жетістіктері мүлде ұнамай жүрген Германияға қарсы позициясын күшейту ұмтылысы жасырынып жатқанына күмәніміз жоқ». Алайда Балтық жағалауындағы жағдайлардың ары қарай өрістеуі кеңес-ағылшын қарым-қатынасын шиеленістіріп жіберді. Ұлыбританияның билеуші топтарында КСРО-ның құрамына балтық елдерінің қосылуы «ашық түрдегі агрессия және алаяқтық» нәтижесі болып табылады деген көзқарас басым болды. Британдық үкімет Балтық жағалауы тауарлар мен алтын қорларына тыйым салды, кемелерін британ порттарында тұтқынға алды. Ал кеңес үкіметі өз кезегінде бұл шараларға қарсы наразылық білдірді.

Британдық үкімет енді осы жағдайды пайдалану арқылы КСРО-ға қатысты саяси инициатива үшін қолайлы сәт туды деп санады. 1940 жылдың 24-нен 25-не қараған түні Мәскеудегі британ өкілі С.Криппске ағылшын премьер-министрі Черчилльдің Сталинге жазған жеке жеделхатының мәтіні берілді. Жеделхатта еуропалық континентте герман үстемдігінен төніп тұрған қауіпті және екі жақтағы көзқарастардың айырмашылығы мен өзара сенбеушілікке қарамастан, Ұлыбритания мен КСРО ортақ қауіптің алдында бірігіп әрекет жасай алатыны жайлы атап өтілді [5,45].

Сталин Криппсті 1940 жылы 1 шілде күні қабылдап, онымен үш сағат аралығында «тату және айтарлықтай ашық түрде» әңгімелесті. Сталин Германияға теңізге үстемдік етуге мүмкіндік бермесе, ол Еуропаға қауіп төндіре қоймайды деп мәлімдеді. Алайда кеңес-ағылшын қарым-қатынасының дамуында Криппс пен Сталин келіссөзінің практикалық нәтижелері болмады, сонымен қоса британ үкіметі кеңес жағымен оны қызықтыратын Түркия, Балтық ауданы және Қиыр Шығыс мәселерін шынайы талқылаудан бас тартты. Форрин оффис бұл мәселе бойынша Кеңес Одағына көнуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Бұған негізгі себеп ағылшын-кеңес қатынасының жақсартылуындағы келешектің болмауы еді. Егер Форин оффис балтық жағалауы елдеріне қатысты мәселеде британдықтар Кеңес

Одағына жол берген жағдайда, кеңес өкіметімен қатынас өзгереді деп санаса, онда британ өкіметі мораль мен заң көзқарасы бойынша қарсылықты тез ұмытар еді, әрине, АҚШ-қа қатысты бұл акция әрекетінен бас тартар еді.

1941 жылы көктемде Лондонда Германияның КСРО-ға дайындалып жатқан шабуылы туралы хабарламалар жиілей түсті. Маусым айының басында жақын күндегі герман шабуылының айқындығы анықталды. Дәл сол кезде батыс державалары Германия бірнеше апта аралығында сөзсіз жеңіске жетеді деп санаған еді. Жалпы алғанда германдықтардың КСРО-ға шабуылы қарсаңында британ үкіметі қиындықты басынан кешіріп жатты. Оған Ұлыбританияның германдықтар Кеңес Одағының ресурстарын жаулауда үлкен қиындықтар кездестірмейді деп сезуі себеп болды. Британ өкіметі КСРО-ға қандай-да болса бір шынайы көмек беруде аз мүмкіндік көрді және ең бастысы, Кеңес Одағының одақтасы болғысы келмеді. Сонымен қоса, Ұлыбритания соғысты ары қарай жалғастыруға қажетті көмек көрсетіп жатқан АҚШ қолдау жасауды тоқтатуы мүмкін деп қауіптенді. Кеңес Одағының жеңіліс табуымен, Таяу Шығыс пен Үндістанға қарай герман әскерінің жылжуын ештеңе тоқтата алмайтын секілді болып көрінді. Бұл жағдайға ешқандай жоспар жасалған жоқ. Бірдеме жасау мүмкін емес еді, тек күту және жақсыға үміттену ғана қалды [6, 78].

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия соғыс жарияламастан Кеңес Одағына шабуыл жасады. Қараңғы түсер уақытта неміс аэродромдарынан ауа кемелерінің армадасы көтерілді, Балтықтан Қара теңізге дейінгі шекарадағы кең майданға өтіп, шығысқа жол тартты. Олардың бір бөлігі терең объектілерге – жойылған әскери-теңіз базаларына, қалалар мен теміржол шептеріне бағыт алды; кейбіреулері жойқын күштерді шекара маңайындағы аэродромдарға, әскерлер, штабтар, қоймалар, байланыс шептері мен жолдар орналасқан аудандарға тастады.

Ең алғаш болып ауадан жасалған соққыны өзіне Қара теңіз флотының негізгі базасы – Севастополь қабылдады. Жаудың тұтқиылдан жасаған шабуылы арқылы әскери кемелерді қатардан шығару және Солтүстік өткелден теңізге шығар жолды бекіту әрекетіне қаланың әуе шабуылына қарсы қорғаныс пен флот бөлімшелерінің шабуылымен тойтарыс жасалды. Сонымен қоса, неміс фашистері Қызылту Балтық флотының базаларына да айтарлықтай қауіп төндіре алмады. Ал құрлықтағы әскери қимылдар мүлде басқа жағдайда өрбіді. Аймақтың әскери әуе бөлімшелері өздерінің ұшақтарын бағыттауға және жасырынуға үлгермей, ауадағы жаудың басымдыққа ие болған тұтқиыл шабуылынан үлкен шығынға ұшырады. Кеңес Армиясының әскерлері сенімді әскери әуе тосқауылынан айырылды [7,55].

Құрлықта немістер өз шабуылын қуатты артиллериялық дайындықпен бастады. Таңғы сағат 4-те неміс фашистері Балтық теңізі мен Қара теңізге созылған шекара бекетіне, салынып бітпеген қамалдарға, әскери қалаларға, лагерьлерге, байланыс шептері мен басқа да объектілерге шабуыл жасады. Кенеттен басталған атыс шабуылдары жеке құрамалардың үлкен шығынға ұшырауына алып келді және көптеген жерлерде шекара аудандарындағы дивизиялардың бірігуіне кедергі болды. Осы жағдай Балтық жағалауы ерекше әскери бөлімшесінің 8-ші және 11-ші дивизиясы, Батыс ерекше әскери бөлімшесінің 4-ші армиясы және Бресте орналасқан 22-ші дивизия дұшпанның әскери әуе шабуылы мен артиллериялық соғысы салдарынан бірнеше жүздеген адамдарынан айырылды, 100 танктен жоғары, өз артиллериясы мен авто-машинасының жартысынан аса, көп мөлшердегі жарылғыш зат және жанармай қорларынан айырылды. Басқа дивизиялар секілді бұл дивизиялардың да шабуыл жасауларына зиян келтірілген еді.

Ең алғаш жаумен ашық шабуылға түскен шекарашылар болды. Атқыш қарумен қаруланған олар дұшпанды қаймықпай қарсы алып, жан аямай қарсы тұрды. Өзінің табандылығы және ерлігімен Августовтік, Ложминдік, Брестік, Владимир-Волындик, Пермышельдік, Рава-Рустік, Кагульдік және тағы басқа да шекара отрядтары ерекшеленді.

Құрлықтағы әскер неміс Бас әскери штабының басшысы генерал-полковник Гальдер 24 маусымда өзінің қызмет күнделігінде былай деп жазды: «Ұрыста орыстардың беріктігін ерекше атау керек. Немістерге тұтқынға түсуді қаламаған дот гарнизондары тіпті өздерін сол доттармен бірге жарып жіберген жағдайлар да орын алды» [1, 25].

Жаяу әскерлер де қолайсыз жағдайларға қарамастан айқасқа түсті. Гитлерлік Германия мен оның басқыншылық жағынан жақтастарына қарсы Кеңес Одағының Отан соғысы халықтардың антифашистік қозғалысының одан ары көтерілуіне ықпалы күшті болды. Ал еңбекші халық, әрине, Кеңес Одағы жағына шықты.

Ұлы Отан соғысы басталысымен, кеңес сыртқы саясатының алдында жаңа маңызды тапсырмалар тұрды, оның ең негізгісі – дұшпанға қарсы соққы ұйымдастыруға, ары қарай немістер басып алынған территорияны азат етуге, фашистік басқыншыларды толығымен талқандауға ең қолайлы халықаралық жағдайларды қамтамасыз ету болып табылды.

Талқылау. Кеңес дипломатиясына ең алдымен, фашистік Германия және Италиямен соғысып жатқан Еуропалық мемлекеттер бұдан былай КСРО-ның берік одақтасы болуы үшін қамдану керек болды. Ол үшін фашистік Германияға қарсы соғысып жатқан мемлекеттердің коалициясын құру және нығайту керек еді. Сонымен қоса Германияның КСРО-ға қарсы соғысында бейтараптық сақтап отырған, ал шын мәнінде гитлерлік Германияға қолдау көрсетіп отырған мемлекеттер тарапынан шабуылдың алдын алу мақсатында бар күшті салу керек болды. Сайып келгенде, КСРО-ның сыртқы саясатының басты мақсаты германдық фашизм езгісіне тап болған Еуропа халықтарына олардың егеменді құқықтарын қалпына келтіру және азат ату мақсатында оларға көмек беру болды. Фашистік блок мемлекеттеріне қарсы соғыстың жалпы тапсырмалары соғыстың бірінші күні құрылған Мемлекеттік комитет қорғанысының басшысы И.В.Сталиннің 1941 жылы 3 шілде күні сөйлеген сөзінде және қыркүйекте Лондондағы одақаралық конференциядағы КСРО өкіметінің декларациясында тұжырымдалды [8, 90].

Англия және АҚШ өкіметі де фашистік Германия мен оның одақтастарын жеңіліске ұшыратуға әлемдік германдық үстемдік қауіпін жоюға, өздерінің тәуелсіздігін сақтауға талпынды. Алайда, бұл елдердің билеуші топтарының соғыста негізгі көздеген мақсаты – әлемдік нарықта Германияны қауіпті бәсеке ретінде әлсірету еді. Олар гитлерлік фашизм мен реакциясын Германия мен басқа елдерде жоюға мүлде талпынбады. АҚШ пен Англияның әскери-саяси билік топтары бұл соғысты әлемнің барлық бөліктерінде, мүмкіндігінше көп елдерге өз ықпалдарын таратып, соғыстан кейін әлемде өздерінің жеке үстемдігін орнату үшін пайдалануды көздеді. Батыс державаларының саясатындағы осы секілді себептер Германияның талқандалуы жақындаған сайын күшейе түсті. Бұған Англияның премьер-министрі У.Черчилльдің 1942 жылы 8 қаңтарда өзінің сыртқы істер министрі А.Иденге жазған хаты дәлел бола алады: «Әскери күштердің арақатынасы қалай болатынын және соғыстың соңына қарай жеңімпаз-әскер қайда болатынын ешкім болжай алмайды. Алайда Құрама Штаттар мен Британдық империя бұл соғыстан қатты әлсіреп шықпайтындығына және экономикасы мен қарулануы жағынан бұрын-соңды әлем көрмеген өзінің ең қуатты блокты құрайтындығына мүмкіндік мол көрінеді және біз Кеңес Одағының көмегіне зәру болудың орнына, керісінше ол өз елін қалпына келтіру үшін біздің көмегімізді қажет етеді деп атап көрсетті [9, 122].

Гитлерлік Германияның Кеңес Одағына шабуылы ағылшын басшылары үшін күтпеген жағдай болмады. «Менің қарауымдағы барлық деректердің мәліметіне, - деп жазды 1941 жылғы 15 шілдеде Черчилль АҚШ президенті Ф.Рузвельтке, - соның ішінде ең сенімділеріне қарағанда, жақын арада немістер Ресейге шамасы күшті соққы жасайтын болу керек» [10, 92].

Гитлерлік Германияның Кеңес Одағына қарсы агрессиясы, Черчилльдің айтуына қарағанда, ағылшындықтардың кеңес-герман кикілжіңінің шарасыздығы жайлы сенімін ақиқатқа айналдырды. Гитлерлік Германияның КСРО-ға қарсы дайындалып жатқан шабуылы туралы Черчилльге хабарланған бетте ағылшын премьер-министрі Черкерсада орналасқан қала сыртындағы резиденциясына өзінің ең жақын қызметкерлерін – кабинет мүшелері Иденді, Бивербрукті, империялық генерал штабының басшысы Дилланы және КСРО-да жүрген Ұлыбританияның дипломатиялық өкілі Криппсті шақырып алып олармен бірге құрылған жағдайды талқылады. Алайда, сол кездегі Англияның билеуші топтарының айналасында Кеңес Одағының гитлерлік Германияға ұзақ қарсылығының мүмкіндігіне сенбеген скептиктер көп болса да, жиналыста Германияға қарсы соғыста КСРО-ны қолдау мәлімдемесі туралы шешім қабылданды. Черчилльдің ең жақын қызметкерлерінің бірі Бивербрук растағандай, Черкерстегі жиналысты көтеріңкі көңіл-күй биледі – оның барлық қатысушылары гитлерлік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасау арқылы Англияға фашистік қысымын әлсірететінін жақсы түсінді. Осындай эмоция басқа да көптеген америкалық қайраткерлер арасында да белең алды. «Мен үшін, - деп есіне алады ағылшын өкілі А.Гарриман, - Шығыстағы гитлерлік бетбұрыс туралы жаңалық ең жағымды жеңілдік ретінде келді, алайда біз әлі де соғыс жағдайында емес едік» [10, 95-98].

Черчилль 22 маусым күні кешке радиодан берген хабарламасында фашистердің тарапынан жасалған кезекті опасыздық пен агрессия деп бағалаған гитлерлік Германияның Кеңес Одағына шабуылын бүкіл дүниежүзілік соғыстағы жаңа кезеңдердің бірі болып табылады деп мәлімдеді. Черчилль өзінің антикоммунистік көзқарастарын мойындаса да, гитлерлік Германияға қарсы соғыста КСРО-ға қолдау көрсету туралы өте анық пікір білдірді.

Ағылшын премьер-министрінің мәлімдемесінде гитлерлік Германияның Кеңес Одағына шабуылы Британдық аралдарға басып кірудің әрекеті мен нышаны болып табылады деген жағдай ерекше атап өтілді. Сондай-ақ, Черчилль болса, Гитлер өзінің бұл ниетін қыс басталғанға дейін жүзеге асыруға үміттенетінін атап кетті. «Ресейге төнген қауіп, - деп мәлімдеді Черчилль сөйлеген сөзінің соңында, - ол бізге және Құрама Штаттарына төнген қауіп, сол себепті өзінің ошағы мен үйі үшін шайқасқан әрбір орыстың ісі секілді - бұл жер шарының әр бұрышындағы еркін адамдар мен еркін халықтардың ісі» [10, 102].

Лондонның мәлімдемесін назарға ала отырып, кеңес өкіметі 1941 жылдың маусым айының аяғында ағылшын әскери командасымен тікелей байланыс орнату мақсатында, Англияға генерал Ф.И.Голоиковтың басшылығымен әскери миссия аттандыруды шешті. Бір уақытта Кеңес өкіметі Мәскеуге ағылшын әскери және экономикалық комиссияның келуіне келісімін беріп, олар кеңес астанасына 27 маусым күні келді. Басталып кеткен келіссөз барысында кеңес жағы ағылшындарға екі жақты декларацияға қол қоюды ұсынды, декларация әр жақ өзара көмек көрсетуі мен оғанша бітім жасаспайтын міндеттемеден тұратын екі баптан құралды. Черчилль бұл ұсынысына өзінің 10 шілде күнгі Сталинге жолдаған хатында келісіммен жауап берді. Келіссөздер 1941 жылы 12 шілдедегі фашистік Германияға қарсы соғыста бірігіп әрекет ету туралы келісімнің бекітілуіне алып келді. Келісімнің бірінші статьясы екі өкіметтің соғыста барлық түрдегі бір-біріне өзара көмек көрсету мен қолдау; екіншісі – бүкіл соғыс аралығында екі жақтың келісімсіз келіссөз жасамауды, уақытша бітім және бейбіт келісім бекітпеуді көрсететін міндеттемеден тұрды. Кеңес жетекшілігі Ұлыбританияны табанды түрде көмекке шақырды. Алайда сол уақытта британдық күштер немістерге қарсы шабуыл жасауға ешқандай мүмкіндігі болмады, ал Англияда Кеңес Одағына бір жағдайлармен көмек беру қажеттілігі туралы түсінік өсе түсті [11, 118].

Кеңес Одағы мен Англия арасындағы келісімге жеткен жылдамдық екі өкіметтің одақтық байланыс орнатудағы өзара қызығушылық пен берік ниетінің дәлелі болды. Расында, мәскеулік келіссөз барысында бірқатар мәселелер бойынша КСРО мен Англия арасындағы қайшылықтар жойылған жоқ болатын, сонымен қоса өзара көмек көрсету туралы бағдарлама жобасы да шығарылмаған еді. Алайда келісім КСРО мен Англия арасындағы достық, одақтық қарым-қатынас орнатуға жол ашты. Ол фашизмге қарсы күресіп жатқан мемлекеттердің одағын құруда маңызды рөл атқарды.

Ағылшын-кеңес келісімінің бекітілуі Кеңес Одағында да, Англияда да үлкен қолдауға немесе құрметке ие болды. Пресс-конференцияда сөйлеген сөзінде Кеңес ақпараттық бюро бастығының орынбасары С.А. Лозовский аталған келісімді халықаралық жағдайды түбірімен өзгертетін үлкен тарихи маңызы бар құжат деп атады [12, 43].

Германияға қарсы біріккен қимыл-әрекеттер туралы ағылшын-кеңес келісіміне қол қою, сонымен бірге экономикалық мәселелер бойынша ағылшын-кеңес келісімінің сәтті аяқталуын да алдын ала анықтады. 1941 жылы 16-шы тамызда қол қойылған тауар айналымы, несие және клиринг туралы ағылшын-кеңес келісімі, КСРО-ны маңызды мөлшерде қамтамасыз етуді, сонымен қоса, бірнеше кеңес тауарларын Англияға жеткізу туралы қарастырды. Көрсетілген келісім бойынша Англия Кеңес Одағына тауарды төлеу үшін 5 жылдық мерзімге 3 %-дық жылдық үстемемен 10 млн. фунт стерлинг несие берді. Келісімге сәйкес екі жақ арасындағы төлемдер клиринг негізінде реттелді.

Германияға қарсы соғыста бірігіп әрекет ету туралы ағылшын-кеңес келісімі, тауар айналымы, несие және клиринг туралы келісім КСРО мен Ұлыбритания арасындағы одақтық қарым-қатынасқа байланысты бекітілген алғашқы құжат болды. Ағылшын өкіметінің бұл байланысты орнатуының екі себебі болды, біріншіден Англия өзінің халықаралық жағдайдағы көрінісін маңызды нығайтса, екіншіден гитлерлік Германияға қарсы соғыс келешегін жақсартты [13, 47-49].

Гитлерлік Германияның КСРО-ға тұтқиылдан жасалған опасыз шабуылынан кейін, бірден бүкіл Англия бойынша кеңес халқының азаттық күресіне қолдау ретінде қарапайым ағылшын халқының шерулері өтті. Елде ағылшын-кеңес достығының комитеттері құрылды. КСРО-ға жылдам және тиімді көмек көрсету бойынша науқан басшылығында ағылшын жұмысшылары болды. Осылай 1941 жылы шілдедегі шотланд тау-кен кәсіподағының жылдық конференциясында елдегі басқа тау-кенші кәсіподақ-тарымен қолдауға ие болған «төтенше резолюция» қабылданды, онда «қазіргі уақыттағы біздің ортақ тапсырмамыз өз халқымызды қорғау және ортақ дұшпан алдында бірігіп, жеңіске жету мақсатында Англияның барлық күштерін Кеңес Одағының күштерімен біріктіру үшін жаңа шараларды қабылдау болып табылады» деп атап көрсетілді.

Англияда КСРО-мен достық аптасы орасан зор танымалдылыққа ие болды, оның негізгі тапсырмасы ағылшын қоғамын кеңес халқының тұрмыс-тіршілігімен, өмірімен таныстырды. Бұл апталардың бағдарламасына кеңес және орыс композиторларының шығармаларынан концерт өткізу, дәрістер ұйымдастыру, кинофильмдер көрсету және т.с.с кірді. Достық апталары антигитлерлік коалиция мемлекеттері мен халықтарын ынтымақтастығын нығайтуда оң септігін тигізді және көптеген жылдар бойы буржуазиялық насихатпен таралған Кеңес Одағы туралы өсек-аянның әшкереленуіне алып келді.

Алайда кеңес-герман соғысының басталысымен Англия саясатына антикеңестік тенденциялар ықпал етуін қоймады. Көптеген ағылшын әскери басшылары мен кейбір өкімет мүшелері Кеңес Одағы, қарулануы мен әскери дайындығы жағынан КСРО-ны әлдеқайда асып түсетін Германияға қарсы соғысты ұзақ уақыт бойы жүргізу жағдайында болмайды деген пікір білдіріп жатты. Соғыстың бірінші

күндері, тіпті, Мәскеудегі ағылшын елшісі Криппстің өзі де Кеңес Одағы гитлерлік шабуылға бірнеше аптадан артық төтеп бере алмайды деп санады. Гитлерлік Германияға қарсы соғыстағы Кеңес Одағының мүмкіндіктерінің скептикалық бағалануы негізінде Еуропалық саяси қайраткерлерінің кеңестік қоғамдық және мемлекеттік құрылысына сенбеушілігі, олардың антикоммунизмдік және антикеңестік көзқарастары жатты.

Сонымен қатар, ағылшын насихатының жеке антикеңестік зұлымдықтары да орын алды. Мысалы, «Католик геральд» реакционды газеті ағылшындарды Кеңес Одағымен қандай да бір ынтымақтастықтан бас тартуға шақырды. Британдық «Би-би-си» радиохабарландыру корпорациясы Англияның барлық одақтастарының әнұранын радиодан тарату дәстүрін бұзып, кеңес әнұранын («Интернационал») берген жоқ. Алайда, сол кездегі Англияның саяси өмірінің дамуын бұл тенденциялар да, сол көңіл-күйлер де анықтаған жоқ. Кеңес Одағын қолдаудағы серпінді қозғалысты ағылшын халқының бүкіл прогрессивті адамзатпен бірлесіп фашизмге қарсы соғыстың соңына дейін күресудегі жалынды талпыныс – міне, Англия сыртқы саясатына маңызды ықпал еткен осы жағдайлар еді. КСРО-мен одақ Англиядағы ұлттық мүдделер үшін ауадай қажет болды. Сол себепті, Англиядағы Кеңес Одағының дұшпандары ағылшын-кеңес жауынгерлік ынтымақтастығының маңызын төмендетуге және Кеңес Одағының абыройын түсіруге қанша тырысса да, ол үшін сөзсіз қолайсыз уақыт еді [5, 55-87].

Нәтижелері. Германияның КСРО-ға шабуылы, сонымен бірге, нацистердің зиянкестік әрекеттері бұл елге үдей түскен Иранның келешегі жайлы ағылшын-кеңес келісіміне де мүмкіндік туғызды. 1941 жылы 25-ші тамызда кеңес әскерлері Иранның солтүстік шекарасына өтсе, британдық әскерлер елге оңтүстіктен кірді. Ұлыбритания және Кеңес Одағы Иранға қатысты өздерінің мақсаттарына аздаған алауыздықпен жетті.

1941 жылы қоңыр күз айларында германдық әскерлердің Кавказға жылжуына байланысты, британдық әлеуметтанушы топтар мұнай кәсіпшілігін жарудағы дайындыққа көмек көрсету үшін Бакуға келді. Алайда, мұнай кәсіпшілігін жоюды жүзеге асыру керек болмады.

Британдық қоғамдық пікір КСРО-мен аса тығыз қарым-қатынас орнатуға белсенді түрде алға шықты. Кеңес Одағына қатысты өсе түскен энтузиазм, Черчилльдің ақпарат министріне «коммунизмнің қаупін ұмыту» туралы британдық қоғамдық пікірдің қазіргі тенденциясына қарсы әрекет жасау үшін қандай акциялар жүзеге асыру талап етілетінін қарауға нұсқау беруге түрткі болды [14, 78-79].

1941 жылы 5-ші желтоқсанда Ұлыбритания Финляндияға, Румыния мен Венгрияға соғыс жариялады, бірақ ағылшын тарапынан жасалған бұл қадам ағылшын-кеңес қарым-қатынасының қайшылықтарын жоймады. Олардың негізгі себептері соғыстың мақсаттары жайлы мәселелер мен соғыстан кейінгі тәртіптердің реттелуімен байланысты болды.

1941 жылы желтоқсанда А.Иденнің Мәскеуге сапары барысында, оның Сталинмен пікір-таластың басты тақырыбы осы мәселелер төңірегінде болды. Сталин бірінші кезекте ағылшындардан 1941 жылғы Балтық жағалауы мен Финляндиядағы кеңес шекарасының мойындауын, КСРО-ға Петсамо мен Мемелдің (Клайпеда) қосылуын, Польшамен шекарадағы Керзон сызығының КСРО-ның пайдасына өзгеруін талап етті. Сонымен бірге, Кеңес Одағының басшысының ойынша, Шығыс Пруссияда Польшаның құрамына кіруі керек еді. Ал Иден өз кезегінде КСРО-ның бұл талаптарымен келісе алмады. Сонда Молотов Иденге екі жаққа да тиімді болып табылатын өзара көмек және соғыстан кейін мәселелер туралы келісім жобаларын ұсынды. Жалпы Иденнің Мәскеуге сапары сәтті бола қоймады [15, 141].

Премьер-министр Черчилльдің және ағылшын әскери кабинетінің 1941 жылғы кеңес шекарасын мойындамауға қатысты көзқарастары өзгеріссіз қалды. Сол кезде 1942 жылы көктемнен бастап кезінде мүлде басқа ойда болған Форин оффис Шығыстағы кеңес жеңісінің мүмкіндігімен санаса бастады. 1942 жылы ақпан айында Иден Галифаксті ескертіп, назар салды: «Жеңімпаз ретінде Кеңес Одағы орасан зор мәртебе мен ықпалға ие болады, ол көптеген еуропалық мемлекеттерге өзінің коммунистік режимін орнатуға мүмкіндік алады. Сол себепті, КСРО-мен әлі тым кеш болмай тұрғанда, соғыстың дәл осы кезеңінде жақсы байланыс орнату біз үшін өте маңызды» [15, 144-146].

Сыртқы істер халық комиссары Молотовтың 1942 жылы мамыр айында Лондонға сапары барысында британдық басшылармен әңгімесі екінші майдан және кеңес-польдік шекара жайлы мәселелерді талқылаудан басталды. 22 мамыр күні Иден тығырықтан шығудың жолы ретінде, соғыстан кейінгі тәртіпті реттеу бойынша барлық даулы мәселелерді айналып өтетін өзара көмек туралы ағылшын-кеңес келісімінің жаңа жоспарын ұсынды. Құндылығы бойынша келісім кеңес үмітіне сәйкестігі аз болды және кеңес күдігін жоя қоймады, бірақ сонда да бұл ағылшын-кеңес байланысындағы алға басқан анық қадам болды. Ал британ басшыларына бұл айтарлықтай дерлік жеңіс болды, өйткені олар Молотовты бұл ымыраны қабылдауға көндіре алды [15, 148].

Қорытынды. Гитлерлік Германия өзінің КСРО-ға қарсы соғысын тек әскери артықшылықпен және тұтқиылдан шабуыл жасау арқылы ғана емес, сонымен қоса, елде орын алған күрделі және қолайсыз жағдайларды пайдалану арқылы бастады. Кеңес одағына гитлерлік Германияның бастауымен Финляндия, муссолиндік Италия, буржуазиялық Румыния, хортистік Венгрия, Гитлермен құрылған қуыршақ Словакия өкіметі секілді сателлит мемлекеттер соғыс жариялады. Сонымен бірге, милитаристік Жапония, Түркия, Испания және т.б. мемлекеттер өздерінің бейтараптығын жарияласа да, іс жүзінде Германияға көмек көрсетіп жатқан еді. Кеңес Одағының Германия мен оның жақтастарына қарсы соғысуы бастауы екінші дүниежүзілік соғыс сипатын өзгертіп, оны фашистік жаншылуға қарсы халықтардың азат, әділетті соғысына айналдырды.

Германияға қарсы соғыста біріккен әскери қимылдар жасау туралы 1941 жылы 12-ші шілдеде қол қойылған КСРО мен Ұлыбритания өкіметтерінің арасындағы келісім, антигитлерлік коалицияны құруда ең алғашқы қадам болды.

Антигитлерлік коалицияның құрылуына, байланыстардың және ынтымақтастықтың орнауына 1941 жылы күзде өткен үш держава – КСРО, Ұлыбритания мен АҚШ-тың Мәскеу конференциясының маңызы зор болды. Бұл конференцияның шешімі бойынша Құрама Штаттар КСРО-ға 1941 жылдың 7-ші қарашасынан бастап қару-жарақты қарызға немесе жалға беру(ленд-лиз) туралы заң іске асып енді және 1 млрд. доллар көлемінде пайызсыз қарыз берді.

Кеңес Одағына АҚШ пен Англияның 1941 жылы шілдеде АҚШ президенті Ф.Рузвельттің жеке өкілі Г.Гопкинстің, 1941 жылы желтоқсанда Ұлыбританияның сыртқы істер министрі А.Иденнің және 1942 жылы тамызда Ұлыбритания премьер-министрі У.Черчилльдің көрнекті мемлекет қайраткерлерінің келуі, 1941 жылы кеңес әскери миссияларының Англия мен АҚШ-қа жасаған сапарлары, КСРО сыртқы істер халық комиссарының 1942 жылы мамыр-маусым айларында Лондон мен Вашингтонға сапарлары, одақтас елдерге соғысты жүргізумен байланысты ең маңызды мәселелер бойынша пікір алмасуға мүмкіндік берді, олардың арасындағы әскери ынтымақтастықтың нығаюына себеп болып, ең бастысы антигитлерлік коалицияның құрылуы мен нығаюына қызмет етті.

1942 жылы Кеңес Одағымен бекітілген келісімдер: Германияның Иран территориясын КСРО мен Англияға қарсы соғыста пайдалануға кедергі болған КСРО, Ұлыбритания мен Иран арасындағы үш жақты келіссөз; Еуропадағы гитлерлік Германия мен оның жақтастарына қарсы соғыста одақтастық жай-лы және соғыстан кейін өзара көмек және ынтымақтастық туралы 1942 жылы 26-шы мамырда қол қойылған келіссөз; 1942 жылы 11-ші маусымда КСРО мен АҚШ өкіметтері арасында қол қойылған агрессияға қарсы соғыс жүргізуде қолданылатын принциптер туралы келісімдер де осы мақсатты көздеген еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Израэлян В.Л. *Дипломатия в годы войны (1941-1945)*. М., 1985.-254 с.
- 2.Севостьянов Г.Н. *Политика великих держав накануне Второй мировой войны*. М., 1961.
- 3.Семиряга М.И. *Антифашистское народные восстания*. М., 1995. – 118 с.
- 4.Черчилль У. *Вторая мировая война*. М., 1991.-115с.
- 5.Семиряга М.И. *Тайны сталинской дипломатии 1939-1941*. М., 1992.-110с.
- 6.Самсонов М.И. *Вторая мировая война. 1938-1945: очерк важнейших событий*. М., 1990. 251с.
7. Giraml H. *Die Alliierten und die Teilung Deutschlands: Konflikte u. Entscheidungen, 1941-1948*. Frankfurt, 1985.-98 с.
8. Kacewicz G. *Great Britain, the Soviet Union and the Polish government in exile (1939-1945)*. The Hague etc: Nijhoff, 1979.-189с.
9. Борисов А.Ю. *СССР и США союзники в годы войны. 1941-1945 гг*. М., 1983. – 19 с.
10. Черчилль У. *Вторая мировая война*. - М., 1991. -Т.2. -38 с.
11. *Внешняя политика Советского Союза в период Отечественной войны*. Т. I. М., 1946. – 69 с.
12. *Важнейшие решения*. - М., 1964. -116 с.
13. *Всемирная история: Вторая мировая война / А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М.Волчек и др.* - Мн.: Харвест.: АСТ, 2002. -119с.
14. Трухановский В.Г. *Внешняя политика Англии в период второй мировой войны (1939-1945)*. - М., 1999. - 41с.
15. *Советско-английские отношения во время Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Документы и материалы*. Т. I-II. М., 1983.-53с.

References:

- 1.Israelian V.L. *Diplomatua v gody voyny (1941-1945)*. М., 1985. [in Russian]-254 p.

2. Sevostianov G.N. *Politika velikih derjav nakanyne Vtoroi mirovoi voyny*. M., 1961. [in Russian]-118 p.
3. Semiriaga M.I. *Antifashistskoe narodnye vosstaniia*. M., 1995. [in Russian]-115p.
4. Chercill Ý. *Vtoraia mirovaia voina*. M., 1991. [in Russian]-110p.
5. Semiriaga M.I. *Tany stalinskoj diplomatu 1939-1941*. M., 1992. [in Russian]-251p.
6. Samsonov M.I. *Vtoraia mirovaia voina. 1938-1945: ocherk vajneishih sobytu*. M., 1990. [in Russian]-98 p.
7. Giraml H. *Die Alliierten und die Teilung Deutschlands: Konflikte u. Entscheidungen, 1941-1948*. Frankfurt, 1985 [in German]-189 p.
8. Kacewicz G. *Great Britain, the Soviet Union and the Polish government in exile (1939-1945)*. The Hague etc: Nijhoff, 1979. [in English]-19p.
9. Borisov A.Iý. *SSSR i SShA soýzniki v gody voyny. 1941-1945 gg*. M., 1983 [in Russian]-38p.
10. Chercill Ý. *Vtoraia mirovaia voina*. - M., 1991. -T.2. [in Russian]-69p.
11. *Vneshniaia politika Sovetskogo Soýza v period Otechestvennoi voyny*. T. I. M., 1946. [in Russian]
12. *Vajneishie reshenia*. - M., 1964. [in Russian]-116p.
13. *Vsemirnaia istoria: Vtoraia mirovaia voina / A.N. Badak, I.E. Voinich, N.M.Volchek i dr.* - Mn.: Harvest.: AST, 2002. [in Russian]-119p.
14. *Trýhanovsku V.G. Vneshniaia politika Anglu v period vtoroi mirovoi voyny (1939-1945)*. - M., 1999. [in Russian]-41p.
15. *Sovetsko-angluskie otnoshenia vo vremia Velikoi Otechestvennoi voyny 1941-1945 gg. Dokýmenty i materialy*. T. I-II. M., 1983. [in Russian]- 53p.